

«Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы» ЖК 2015 жылғы 18 қарашасынан 18 желтоқсанына дейін қашықтықтан ағылшын тілін жалпы және кәсіби салаға бағыттап оқытуға арналған «Үздік бағдарлама», «Үздік презентациялық сабақ» және «Үздік эссе» байқауларын өткізеді.

Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

- ағылшын тілін жалпы және кәсіби салаға бағыттап оқытуға жаңа инновациялық және интерактивтік әдіс-тәсілдерді енгізу әрі насихаттау;
- тіл мамандарының педагогикалық тәжірибесін көпшілікке ұсыну және тарату;
- ағылшын тілі оқытушыларын ынталандыру;
- өзара тәжірибе алмасу;
- қатысушылар қашықтан өткізілетін байқауға қатысып, өздерінің педагогикалық тәжірибелерімен бөлісіп, біліктілік деңгейлерін көтере алады.

Байқауға қатысушылар:

- Байқауға Қарағанды облысы аймағынан тілдерді оқыту орталықтарының, жоғары оқу орындарының, сонымен қатар мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда қызмет ететін ағылшын тілі оқытушылары қатыса алады.
- Қатысушылардың педагогикалық еңбек өтілі, жасы, санаты есепке алынбайды.

Қатысу шарттары:

- байқауға қатысуға сұраныс толтыру;
- жарнаны төлеу;
- langcenterkar@mail.ru электронды поштасына хат жолдау. Хат тақырыбына «Қазақ тілін оқытуға арналған жұмыстар» немесе «Кәсіби салаға арналған жұмыстар» деген сөзбен қоса аты-жөнін көрсету. Хатқа 3 файлды: сұранысты, түбіртектің көшірмесін, байқауға ұсынылған жұмысты (бағдарлама мен эссені, презентациялық сабақ жоспарын) тіркеу.

Байқаудың мазмұны мен ерекшелігі:

- Байқауға келіп түскен жұмыстар алты номинация бойынша бағаланады. Қазақ тілін жалпы және кәсіби салаға бағыттап оқытуға арналған бағдарлама, эссе мен презентациялық сабақ;
- Байқау қашықтықтан өткізіледі;
- Байқау жұмыстары авторлық жұмыс болуы керек.

Байқау талаптары:

- мазмұндылығы;
- тақырыпқа сәйкестігі;
- ерекшелігі;
- сауаттылығы

Байқауға қатысудың қаржылық шарттары:

Байқауға қатысу үшін төлем құны – 2000 тенге. Егер қатысушы бір жұмыспен қатысатын болса, онда төлем 2000 тенге, егер қатысушы 2 жұмыспен қатысатын болса, онда төлем 3500 тенге. егер қатысушы 3 жұмыспен қатысатын болса, онда төлем 5000 тенге. Байқау қорытындысы бойынша әр номинацияның жеңімпазына диплом беріледі. Марапаттау салтанаты 25 желтоқсанда ұйымдастырылады.

Жұмыстарды рәсімдеуге қойылатын талаптар

Бір сабақтың Power Point-та жасалған мазмұнды презентациясы ұсынылады. Презентацияның көлемі 30 бетке дейін.

Эссе көлемі — 2–3-бет (30-35 сөйлем). Тақырыбы: «Болашақтың ұстазы» ұсынылған бағдарлама оқыту бағдарламасына қойылатын талаптарға сәйкес болуы керек.

Қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін, жұмыстар екі жеті көлемінде сараптамаға жіберіледі. Байқауда облыс бойынша келіп түскен жұмыстардың ең үздігі таңдалады. Жоғары оқу орындары мен тілдерді оқыту орталықтарының жұмыстары жеке қаралады.

Байқауға қатысу және оның өткізілуі туралы анықтама үшін Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығына 56–70–84 — факс/телефондары арқылы байланысуға болады.

СҰРАНЫСТЫҢ ҮЛГІСІ

№	АТЫ-ЖӨНІ (ҚҰЖАТ БОЙЫНША)	ЖҰМЫС ОРНЫ, ЛАУАЗЫМЫ	БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ	ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТА

БАЙЛАНЫСТАР

Телефон: +7 (7172) 56–70–84 E-mail: langcenterkar@mail.ru	Банктік реквизиттер: ИП «Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы»: г. Караганда, ул. Гоголя, 34 ИИН/БСН: 770629401816 БИК/БСК: CASPKZKA ИИК/ЖСК: KZ65722S000000797370 Филиал АО «Kaspi Bank» в г. Караганда КНП 859 КБе 19
Конкурстық материалдар осы электронды поштаға жіберіледі.	